

Алматы қаласының өртке қарсы қорғанысын қажетті деңгейде қамтамасыз етудің шаралары туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VI сессиясының 2000 жылғы 27 қыркүйектегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 20 қазанда N 207 тіркелді

Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XX сессиясының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 216 шешімімен

Алматы қаласының II-сайланған Мәслихаты, Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И. Заяцтың "Алматы қаласының өртке қарсы қорғану жағдайы туралы" баяндамасын тыңдап және талқылап атап өтті, халықты оттан қорғау саласында көптеген түйіндердің бар екендігі анықталып, оларды шешудің кезек күттірмейтіндігі анықталды.

Өрттердің көптеп өсуі және оның зияны (тек 2000 жылдың 7 айында 673 өрт болып, зияны 13 млн 307 мың теңге болды, бұл 1999 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 34% және 15%-ға сәйкес артқанын көрсетеді) тұтас қала бойынша өрт қауіпсіздігінің жағдайы қанағаттанарлықсыз екенін дәлелдейді.

Шаруашылық объектілерінің бірінші басшыларының өртке қарсы жағдайларға және Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңының қағидаларына жауапсыздықпен қараулары күшті алаңдаушылық шақыруда, атап айтар болсақ: "Меркур" БК (бас директоры Е.К.Байменов), N 1 нан зауыты (дир.Махмедов С.Р.), АЖӨО-1 (меңгерушісі Х.Р.Мамырбеков), ЖШС "Энерготұрмысқұрылысының өндірістік базасы" (дир.Гаврилов А.И.), Алматының радиобейнедидар тарату станциясы (дир.Ващенко Г.М.), АҚҚ "Саяхат" Автовокзалы (бас.дир. Логунов А.И), ҚР Ұлттық кітапханасы (бас дир. Бердіғалиева Р.А.), Жамбыл атындағы Мемлекеттік филармония (бас дир. Өтеуов М), "Алматықұрылыс" АҚ "Құрылысшы" Мәдениет үйі (дир. Нұрпейісов Е.М.), медико-әлеуметтік түзетудің қалалық наркологиялық Орталық (бас дәрігері Т.Д.Дубинин), N 2 босанатын үй (бас дәрігері В.И.Пак), Қаз. Мем. Институты (ректоры С.Ж.Пралиев), М.Әуезов атындағы Қаз.мем.акад. драма театры (дир. Т.К.Жаманқұлов), "Авангард" Театр-шоу (дир. Дәуірова Г.С), "Іскер" АҚ МҮ (през. Долотин А.И.), ҰОСМ-нің Республ. клиник. госпиталі (бас дәрігері Слесарев В.Г.), қан құюдың Республикалық станциясы (бас дәрігері Беспиков С.Б.), N 23 гимназия (дир. Нарбаева М.А.), N 94 ОМ (дир. Богарова), N 125 ОМ (дир.

Үмешбаев К.Н.), N 3 ОМ (дир. Ломов А.В.), N 87 ОМ (дир. Соболева Е.В.), N 119 ОМ (дир. Тәуірбаева Р.Х.), N 49 ОМ (дир. Шымбаева Р.Т.), базарлар "Жаркент" (дир. Черканин Ф.Ф.), "Болашақ" (дир. Тілегенова Ш.К.), "Құлагер" (дир. Тунгусов О.В.), "Рахат" (дир. Сағымбаев А.М.).

Қанағаттанбайтын жағдайда өртке қарсы сумен жабдықтау төмендегідей объектілерде қалыптасып отыр: "Найза" АҚ, 3-АКК, 4-ӨС мүгедектер госпиталі, "Аэропорт" АҚ Авиабазасы, ЖШС "Нан өнімдері комбинаты", қаланың "Рахат", "Диас", "Нұр" сауда базарларында.

Қалалық шаруашылық объектілеріндегі өртке қарсы жалпы жағдайдың қанағаттанарлықсыздығына қарамастан, Алматы қ. МӨҚҚ-і арнайы техникамен, жабдықтармен және жеке құраммен қамтамасыз етілгенмен оның қажетті мөлшердегі саны жетіспейді.

Шаруашылық объектілеріндегі өртке қарсы жағдайдың нашарлауының бір себебі олардағы ерікті өрт жасақтарының жойылуы, ол жасақтар кәсіпорындағы өрттен қорғануды тікелей қамтамасыз ету жұмыстарын атқаратын.

Шаруашылық объектілеріндегі көп санды топтардың өртке қарсы жағдайды Мемлекеттік өрт қадағалау органдары тарапынан тұрақты тексерудің болмауына жеткізуді және ұсынылған өртке қарсы шаралардың орындалу барысында тексерелмегендігі алмауда.

Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып, Алматы қалалық Мәслихаты өрт қауіпсіздігі саласында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцтың "Алматы қаласын өрттен қорғаудың қажетті деңгейін қамтамасыз етудің шаралары туралы" баяндамасы назарға алынсын;

2. "2005 жылға дейінгі кезеңде Алматы қаласының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің материалды-техникалық базасын нығайту және өрт қауіпсіздігін күшейтудің қалалық бағдарламасы бекітілсін - ұсынылып отыр";

3. Алматы қаласының Әкіміне (В.В. Храпунов) 2001 жылдың бюджетін қалыптастыру кезінде өртке қарсы қызметтің "ТҚ" қоймасын және жұмылдыру қорын 36 млн 344 мың теңгеге толықтыру көзделсін, сондай-ақ келесі жылдарда да осы бағыт бойынша қажетті жұмыстар ескерілсін;

4. Алматы қаласының Әкіміне (В.В. Храпуновқа) ұсынылсын - 2001 жылдың және содан кейінгі жылдардың бюджетін қалыптастыру кезінде "2005 жылға дейінгі кезеңдерде Алматы қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің материалдық-техникалық базасын нығайту және өрт қауіпсіздігін күшейтудің Қалалық бағдарламасында қарастырылсын";

5. Қала қызметтерінің жетекшілері осы бағдарламада көрсетілген өзгеріске тиісті жақтарының дер кезінде орындалу шараларын қамтамасыз ететін болсын;

6. "Алматы қаласында қоғамдық өрт құрамалары жұмысының Ережесі" бекітілсін - ұсынылды;

7. Осы шешімде көрсетілген объекті жетекшілеріне ең қысқа мерзімде ведомствоаралық объектілерді өрт қауіпсіздігі қалыптары мен ереже талаптарына сәйкестендіру шараларын қабылдау міндеттелсін;

8. Алматы қаласы аудан әкімдеріне өрт қауіпсіздігінің қалпы мен ережелерін тұрақты бұзатын объекті жетекшілеріне жауапкершілік жүктеу шараларын қарастыру ұсынылсын;

9. Осы шешімнің орындалуын тексеру табиғат қорғау және ТЖ жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (В.Е. Бүлекбаев) жүктелсін, оның орындалу барысы 2001 жылдың бірінші жарты жылдығында қаралсын.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты VI-сессиясының*

төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI-сессиясының
2000 жылғы 27 қыркүйектегі
шешіміне қосымша

2005 жылға дейінгі кезеңдегі Алматы қаласының

Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің
материалды-техникалық базасын нығайту
және өрт қауіпсіздігін күшейтудің
Қалалық бағдарламасы

р/с! Шаралар ! негіз !орындауға!орындалу!жинағы
! ! !жауапты !жылы !млн.теңге

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

1 Оқу мұнаралары салу өртті-саптық МӨҚҚ
- 1,7 ОБ дайындықтың 2001 11,7
- 9,5,10 ОБ нұсқаулық 2002 7,8
- 2 ОБ, ҚДМ ережелерінен 2003 11,7

2 Заттай дәлелдерді жазып

алу құралдарын сатып алу	МӨҚҚ	2001	0,13
3 Ерекше жабдықтарды сатып алу (жарылысқа қарсы құрылғылар, өрттік колонналар, сатылар, жеңдер, медицинаменттер, бұйымдық заттар, құрғақ сыбаға).	ҚР ТЖК 1998 ж. МӨҚҚ	2001	42,4
26.01 *1 қаулысы			
4 МӨҚҚ-нің жеке құрамы қызмет өткерудің 4 ауысымдық кестеге ауысына N 481 1999 ж. байланысты жеке құрамның санын қалыпына сәйкес арттыру - 442 бірлікке	ҚР Үкіметінің МӨҚҚ	2001	101,7
27.04. ҚР ТЖА бұйрығы N 02 30.07.99 ж.			
5 Жеке құрамға коммуналдық қызмет үшін төлем, іс-сапарлық шығындар.	МӨҚҚ	2001	62,4
6 Жеңіл көлік сатып алу шұғыл қажетке	МӨҚҚ		
- 1 дана	2001	1,5	
- 1 дана	2002	1,5	
- 1 дана	2003	1,5	
- 1 дана	2004	1,5	
- 1 дана	2005	1,5	
7 Сатып алу:	МӨҚҚ		
- АЛ-30 автоцистернасынан 6,1 автосаты;	2001	80,5	
- АЛ-75 автосатыдан 1;	2002	150,0	
- АП-75 автокөтергіштен 1.	2003	150,0	
8 МӨҚҚ N 12 мамандандырылған өрт бөлімі құрылсын - апаттан құтқару			

АСА-20 автомобилімен

- 1 дана	2001	14,4	
- 1 дана	2002	14,4	
- автокөтергіш жүк көтеру 16 тоннадан артық	2003	7,0	
- инженерлі-машиналы ажыратулы (разграждения)	2004	14,0	
- үйінді астында қалғандарды анықтау аспаптары	2005	5,0	

9 Гарнизонды Алматы қаласы МӨҚҚ
радиостанциялармен Әкімінің шешімі
қайта жабдықтауды N 1095
жүргізу 6.11.98 ж.

- тұрақты 11-дана	2001	1,6	
- автомобильдік 58-дана	2001	7,1	
- алып жүретін 116 дана	2001	11,7	

10 Жеке құрамды пейджингтік Алматы қаласы МӨҚҚ
байналыспен қамтамасыз Әкімінің шешімі
ету N 1095

- 250 дана	6.11.98 ж.	2001	3,0
- 100 дана		2002	1,2
- 330 дана		2003	4,0
- 250 дана		2004	3,0

11 Ауыстыру жүргізілсін Алматы қаласы МӨҚҚ

- шұғыл байланыс пульттарын	Әкімінің шешімі N 1095 6.11.98 ж	2002	3,0
--------------------------------	--	------	-----

12 Жаңа шыққан автомобиль

сатып алу			
- ұнтақпен сөндіретін автомобиль		2002	150,0
- көмірқышқылмен сөндіретін автомобиль		2003	150,0
- қосарлап сөндіретін автомобиль		2004	180,0

- газбен сөндіретін автомобиль 2005 130,0
- 13 Өртүрлі санаттағы Алматы қаласы МӨҚҚ 2003 35,0
оқиғалар туралы хабарлар Әкімінің
қабылдау және бірыңғай шешімі
байланыс жүйесі үшін N 1095
жеке үй-жай, жабдықтар 6.11.98 ж.
және штаттар бөлу
- 14 Компьютерлік МӨӨҰ
бағдарламалар және
жабдықтар сатып алу;
- "АРМ-жетекші, 2002 7,5
диспетчер";
- күш пен құралдарды 2002 4,5
шығару.
- 15 Өрт бөлімдерінің ҚР-ның "Өрт МӨӨҰ 2001 14,4
автокөліктеріне және қауіпсіздігі
байланыс құралдарына туралы" Заңы
күрделі және ағымдағы 22.10.96 ж.
жөндеу жүргізу.
- 16 Қала аумағындағы түзік ҚР-ның "Өрт Қалалық су 2001
емес өрт гидранттарына қауіпсіздігі арнасы
жөндеу жүргізу туралы" Заңы
22.10.96 ж.
- 17 Алматы облысынан берілген ҚР-ның "Өрт Қалалық су 2001
қаланың сусыз бөліктері қауіпсіздігі арнасы
мен жаңадан салынып туралы" Заңы
жатқан жерлерді өртке 22.10.96 ж.
қарсы сумен жабдықтауды
қамтамасыз ету
- 18 ҚІБ-сы өрттің алдын алу ҚР-ның "Ішкі Алматы қ. тоқсан
мақсатында мас адамдардың істер ҚІБ сайын
кінәсінен, балалықтан органдары

болатын, ТУМЖЖ табуға туралы" Заңы
рейдтер өткізіп, жайсыз 21.12.95 ж.
отбасылармен қажетті
жұмыстар жүргізу

19 ПИК, үй басқармалары; ҚР-ның "Өрт кәсіпорын, 2001
кәсіпорын, мекеме мен қауіпсіздігі ұйым, ПИК
ұйымдардың, басшылары туралы" Заңы жетекшілері
(меншік түріне қарамастан) 22.10.96 ж.
ғимараттар мен тұрғын
үйлердің көрнекті жеріне
олардың нөмірін жазып қою,
ӨГ-ның орнын көрсету
жертөлелерді тазарту, тех.
қабаттар мех. шатырларды
жанғыш қоқыстан тазарту.
Ғимараттардың барлық
кіреберістерін босату, өте
қажет болғанда оларды
алмалы-салмалы етіп жасау
ұсынылады

20 ПИК, үй басқармалары, ҚР-ның "Өрт кәсіпорын,
кәсіпорын, мекеме және қауіпсіздігі ұйым, ПИК
ұйым басшылары (меншік туралы" Заңы жетекшілері
түріне қарамастан) өз 22.10.96 ж.
баланстарында биіктігі
10м-ден жоғары қабатта
ғимаратты барлары (30 және
одан артық метрдегі)
- өртке қарсы қорғану 2001
жүйесін қалпына келтіруі
керек
- ведомство аралық 2001
бағыныстағы объектілерді
автосаты және
автокөтергіштермен
қамтамасыз етуге, оның
ішінде "Өрт сөндіруші"

РМК-мен келісім-шарттар
негізінде де.

- 21 Білім департаменті ҚР Білім 2001
мектептерде өрт Президентінің департаменті
қауіпсіздігінің Жарлығы N 3558
ережелерін оқуды Білім
міндетті оқуды министрінің
ұйымдастырсын Алматы хаты N 02-03-
қаласы үшін 08-736
23.04.98 ж.
- 22 Жыл сайын жаңартылатын МӨӨҚ 2001 1,3
өртке қарсы қауіпсіздік 2002 1,3
шараларын насихаттау 2003 1,3
бойынша материалдар 2004 1,3
шығаруды, бейне- 2005 1,3
материалдарды БАҚ-да
тұрақты тарату плакаттар,
буклеттер, күнтізбектер
және басқа да баспа
өкімдерін шығару,
шаруашылық субъектілерін
тексерудің кестесін
жариялау, оның ішінде
Интернет торабын
шығаруды ұйымдастыру.
- 23 Меншік түріне МӨӨҚ 2001-2005
қарамастан арақ-шарап
және темекі өнімдердің
өндіретін шаруашылық
субъектілерде өрт
қауіпсіздігі бойынша
шаралар насихаттаудың
материалдарын шығаруды
ұйымдастыру
- 24 Өрт қауіпсіздігі МӨӨҚ 2001

- | | |
|---|---|
| ережелерін оқытудың
әдістемесі бойынша
орта мектептер
мұғалімдерімен сабақ
өткізуді МӨӨҚ КДМ-де
ұйымдастыру | Білім
департаменті |
| 25 Тұрғын үйлердің
1-қабатында сауда және
өндірістік бөлмелер
орналастырғанда өрт
қауіпсіздігі қалыптары
талаптарының орындауына
тексеруді күшейту | МӨӨҚ 2001-2005 |
| 26 Энергоқадағалау электр
аспаптарын пайдалану
ережелерін бұзудан
болатын өрттердің
алдын-алудың кешенді
шараларын өткізу | Энергоқадағалау Энерго-
туралы қағида, қадағалау
ПУЭ 2001 |
| 27 Газ шаруашылығы
қызметі газ аспаптарын
пайдаланудың ережелерін
бұзғандықтан болатын
өрттердің алдын алу
бойынша кешенді
өткізу, газ баллондарды
сатуға тексеруді күшейтуге
және оларды адамдар көптеп
болатын орындарда
пайдалануға да | Газ Газ 2001
шаруашылығын- шаруашылығы
дағы қызметі
қауіпсіздік
ережелері
шаралар |
| 28 Өртке қарсы қызмет
міндетті түрде құрылуға
тиісті объектілердің
жетекшілері оларды құруды
қамтамасыз етсін, оның | ҚР Үкіметінің МӨӨҚ; РМК 2001
Қаулысы N 430 "Өрт
22.04.94 ж. сөндіруші"
Алматы қ. Алматы қ.
Әкімінің Әкімі |

ішінде "Өрт сөндіруші шешімі N 302
"РМК-ның Алматы 24.03.2000 ж.
филиалымен келісім-шарт
негізінде

Жылдар бойынша жиынтық	2001	353,8
	2002	341,2
	2003	360,5
	2004	199,8
	2005	137,8

2000-2005 ж. Жинағы	1393,1	

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты VI-сессиясының
төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI-сессиясының
2000 жылғы 27 қыркүйектегі
шешіміне қосымша

Алматы қаласындағы қоғамдық өрт құрамдары туралы
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Z960048_ "Өрт қауіпсіздігі туралы"
, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Z960019_
және "Алматы қаласының ерекше жағдайын қалпына келтіру туралы" Заңдарға
сәйкес, Алматы қаласының жұртшылығын шаруашылық объектілерінде өрт
қауіпсіздігі қамтамасыз етуге және оның алдын алу жұмыстарын жүргізуге тарту
мақсатында әзірленді.

I. Негізгі түсініктер

Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер төмендегідей:
өрт қауіпсіздігі - жеке тұлғаның, дүние мүліктің, қоғамның және мемлекеттің

III. Негізгі мақсаты мен қызметтері

3.1. Кәсіпорын әкімшілігіне өрттің алдын-алу жұмыстарын жүргізуге, өртке қарсы қалыптар мен ережелердің стандартты талаптарын сақтауға бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ Мемлекеттік өрт қадағалаудың ұсынымдарының орындалуына да .

3.2. Жылына төрт мәртеден кем емес кәсіпорынның барлық ғимараттары мен бөлмелеріне жеке-жеке қарап шығуды жүргізу. Өндірістің технологиялық процесіндегі, агрегаттар мен қондырғылардың жұмыстарына, шеберханалардағы, лабораториялардағы, қоймалардағы бұзушылықтарды анықтау, егер олар өрттің пайда болуына, жарылысқа немесе апатқа жеткізетін болса және де сол бұзушылықтарды түзеуге бағытталған шаралар әзірлеу керек.

Қарап шығу барысында белгіленген барлық өртке қарсы шаралар актілермен ресімделіп, кәсіпорын басшысы бекітеді және көрсетілген мерзімде орындауға жатады .

3.3. Өндірістік және әкімшілік бөлмелерде өртке қарсы тәртіптің қатаң сақталуына бақылауды жүзеге асыру.

3.4. Өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша жаңалықты ұсыныстар мен өнертапқыштық жұмыстарды ұйымдастыру.

3.5. Кәсіпорын бөлімшелеріне өндірістегі технологиялық процестердің жарылысты - өрттік қауіпсіздікті зерттеуге, жұмыс орындарын аттестациялау және өндірістік жабдықтардың өрт қауіпсіздігіне сәйкестендіруге көмек көрсету.

3.6. Жұмыс берушінің атынан жұмыскерлерді ақпараттау, өндірістегі технологиялық процестердің жарылыстық - өрт қауіпсіздігі туралы, мүмкін болатын өрттер мен жарылыстардың себептері туралы, сондай-ақ оларды болдырмаудың әдістері туралы да.

3.7. Кәсіпорында болған өрт факторын тексеруге қатынасу. Себептерін анықтау және бұндай оқиғаларды болдырмаудың негізделген қорытындыларын әзірлеу .

3.8. Кәсіпорын жетекшілеріне ғимараттар, құрылғылар, технологиялық процестер, жарылыс өртке қауіпті жұмыстардың жеке түрлері үшін өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулықтар дайындағанда және қайта қарағанда әдістемелік көмектер көрсету.

3.9. Кәсіпорынға жаңадан жұмысқа қабылданатындардың барлығымен, іс-сапардағылармен, оқушы және студенттермен өндірістік оқу-жаттығуға келгендер немесе тәжірибеге, сондай-ақ әртүрлі жұмыстар атқаратын мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерімен өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтардың

бағдарламасын әзірлеу және кіріспе нұсқаулық жүргізуге.

3.10. Нұсқаулықты ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек немесе өрт - техникалық минимумға, сондай-ақ кәсіпорын жұмыскерлерінің өрт қауіпсіздігі бойынша білімін тексеруге де көмек көрсету.

3.11. Кәсіпорын бөлімшелерін өрт қауіпсіздігі бойынша ережелер, қалыптар, плакаттар және басқа көрнекі құралдармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, сондай-ақ оларға сәйкестендірілген ақпараттық стенділер жабдықтауға әдістемелік көмек көрсету.

3.12. Бақылауды жүзеге асыру үшін:

3.12.1. Бастапқы өрт сөндіру құралдарының, өртті табу мен сөндірудің автоматтық жүйесін дұрыс ұстау мен сақтау.

3.12.2. Жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді қажетті сынақтау мен техникалық куәлендіруді сәйкес қызметтердің дер кезінде жүргізуі.

3.12.3. Өртті анықтау мен сөндірудің автоматты жүйесінің, түтінге қарсы қорғаныстың, сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбыр өткізгіштердің, өрт туралы хабарлау жүйелерінің тиімді жұмыстары.

3.12.4. Сақтандыру жабдықтары және қорғаныс құрылғыларының өртке қарсы жағдайлары.

3.12.5. Өртке қарсы оқытуды жүргізудің, біліктілікті тексеру және өртке қарсы нұсқаулықтардың барлық түрлеріне дер кезінде және сапалы бақылау жүргізу.

3.12.6. Кәсіпорын бөлімшелерінде өрт қауіпсіздік шараларын орындауға бөлінген қаражаттарды дұрыс жұмсау.

3.13. Өрт қауіпсіздігі бойынша әрекетке енгізілген жаңа заңдылықтар мен басқа да қалыпты құқықтық актілер туралы кәсіпорын жұмыскерлерінің назарына уақытында жеткізу.

3.14. Құжаттардың (кәсіпорынның өртке қарсы жағдайын тексеру бойынша актілер, өрт фактілерін тексерудің актілері, комиссиялардың жұмыс жоспарлары мен хаттамалары, өрт қауіпсіздігі бойынша жұмыс орындарын аттестациялау және сертификаттаудың материалдарын және басқаларын) сақталуын ұйымдастыру.

3.15. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау мәселелері бойынша кәсіпорын жұмыскерлерінің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Кәсіпорын цехтарында, қоймаларында және әскери есептеудің жауынгерлік дайындықтың өртке қарсы жағдайына қоғамдық байқау өткізу, сондай-ақ Мемлекеттік өрт қадағалау ұсынған өртке қарсы шаралардың ұсынымдық орындалуын тексеру.

3.16. Өрт (жану) болған жағдайда және оны дереу сөндіру бойынша кәсіпорында бар өрт сөндіру құралдарын пайдаланып шаралар қабылдауға және

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшесін шақыруға міндетті.

3.17. Өрт сөндірумен байланыс емес апаттарды, табиғи зардаптарды жою кезінде өрт құрамаларының күші және құралдары оларды жоюдың жетекшісінің өкімі беріледі.

IV. Жұмысты ұйымдастыру мен жасаудың тәртібі

4.1. Қоғамдық өрт құрамалары ерікті бастамамен кәсіпорынның жасы 18-ге жеткен, денсаулығының жағдайы бойынша жүктелген міндетті атқара алатын жұмыскерінен жасакталады.

4.2. Ереже секілді қоғамдық өрт құрамаларының құрамына кәсіпорынның бас инженері, энергетик, технолог және басқа да инженер-техник жұмыскерлері кіреді.

4.3. Қоғамдық өрт құрамалары кәсіпорын құрылымына және басқа да ерекшеліктерге байланысты жалпы объектілік және цехтық (объектіде бірнеше) болулары мүмкін.

Ірі кәсіпорындарда қоғамдық өрт құрамалары мүшелерінен, жұмысшы ауысым саны бойынша жауынгерлік есептер құрылады.

Жауынгерлік есептер сондай-ақ кәсіпорындарда өрт техникасы (өрт автомобильдері немесе мотопомпалар) бар болса, құрылады. Жауынгерлік есептердің мүшелерінің табельдік міндеттері типтік қағидалар негізінде әзірленеді.

4.4. Қоғамдық өрт құрамасына кіретін тұлға кәсіпорын жетекшісінің атына, жазбаша өтініш береді. Қоғамдық өрт құрамасының мүшелігіне тіркеу және осы құрамаға келешекте өзгерістер енгізу кәсіпорын бойынша бұйрықпен хабарланады.

4.5. Ереже секілді, қоғамдық өрт құрамасының бастығы инженер-техник жұмыскерлерден тағайындалады және кәсіпорын жетекшісіне бағынады.

4.6. Қоғамдық өрт құрамасының сандық құрамын кәсіпорынның жетекшісі анықтайды.

4.7. Қоғамдық өрт құрамаларын іріктеуді былайша жүргізу керек, өйткені кәсіпорынның әрбір бөлімшесінде және әрбір ауысымда құраманың мүшелері болған жөн.

4.8. Қоғамдық өрт құрамасынан мүшелерін шығару жүргізіледі:

4.8.1. Өрт қауіпсіздік ережелері мен қалыптарын бұзғандығы үшін.

4.8.2. Өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны үшін.

4.8.3. Жеке өз тілегі бойынша кәсіпорын жетекшісіне шығу туралы өтініш беру жолымен.

4.8.4. Кәсіпорыннан босатылған жағдайда.

4.9. Қоғамдық өрт құрамасының мүшелерімен (N 1 қосымша) бағдарламаға сәйкес, оқу сабақтары кесте бойынша жүргізіледі, оны кәсіпорын басшысы бекітеді. Сабақ айына 4 сағаттан артық емес, ереже секілді, жұмыстан бос у а қ ы т т а .

4.10. Қоғамдық өрт құрамасы мүшелерін кезекшілікке тарту тәртібін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жұмыстан бос кезіндегі уақытты кәсіпорын жетекшісі орнықтырады.

4.11. Кезекшілікті қабылдау кезінде және өртте жұмыс қабылдағанда қоғамдық өрт құраманың мүшелері жауынгерлік есептің табельдерін басшылыққа алады (N 3,4 қосымша).

V. Міндеттері мен құқтары

5.1. Қоғамдық өрт құрамасының бастығы:

кәсіпорынның қоғамдық өрт құрамына жалпы басшылықты жүзеге асырады; кәсіпорын ғимараттарын (бөлмелерін) өрт қауіпсіздігіне қарап шығуды ұйымдастырады, қарау барысында байқалған келеңсіздіктерді шеттету әдістері мен жолдарын белгілейді, сондай-ақ өртке қарсы шаралардың орындалу м е р з і м д е р і н д е ;

қоғамдық өрт құрамасының жеке құрамымен сабақтар өткізеді; қоғамдық өрт құрамасы мүшелерінің өртке қарсы ережелер мен қалыптарды білетіндіктерін тексереді;

Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің бөлімшесі келгенге дейін өрт сөндіруге б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы .

5.2. Қоғамдық өрт құрамасының мүшесі міндетті:

өрт сөндіруді ұйымдастырудың тәртібін, кәсіпорында өрт сөндірудің алғашқы құралдарының және өрттік су бұлақтарының орналасу орнын білуге;

өрт сөндіру құралдарының, байланыстың, өрт техникасы мен құрал - жабдықтың әрекетке дайындығын бақылауға;

жауынгерлік есептің табелі бойынша өз міндеттерін білуге; өрт сөндіру кезінде қоғамдық өрт құрама бастығына мүлтіксіз бағынуға.

5.3. Қоғамдық өрт құрамасы мүшесінің құқтары:

тәуліктің кез-келген уақытында кәсіпорынның өндірістік, қызметтік және тұрмыстық бөлмелерін кедергісіз қарап шығуға, өрт қауіпсіздігі бойынша қ ұ ж а т т а р м е н т а н ы с у ғ а ;

өрт қауіпсіздігі шараларының бұзылғандығы анықталғанда машиналарды пайдалануға, жабдықтар мен цехтардағы өндірістік жұмыстарға, бөлімшелер мен жұмыс орындарына жұмыс істеуге тыйым салуға, егер олар өртке жеткізер болса, бұл туралы кәсіпорын жетекшісін алдын ала ескертуге;

өртке қарсы тәртіптің бұзылуына жол берген тұлғалардан жазбаша түсінік талап етуге. Кәсіпорын жетекшісі алдында өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған кінәлілерді жауапқа тартуға ізденуге. Қажет болғанда әкімшіліктік құқ бұзылушылық туралы хаттама әзірлеуге, ол материалдарды Мемлекеттік өрт қадағалаудың жергілікті органына бере отырып;

бөлімше жетекшілерінен өрт қауіпсіздігі бойынша орнықтырылған тәртіппен нұсқаудан өтпегендерді, өрт-техникалық жүйенің минимумынан оқу мен біліктілік тексеруден өтпегендерді немесе өрт қауіпсіздігі туралы шаралардың ережелерін, қалпы мен нұсқаулықтарды өрескел бұзушыларды жұмыстан шығаруды талап етуге;

кәсіпорын жетекшілігінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда өрт қауіпсіздігі мәселелері талқыланғанда өкілетті болуға.

VI. Мазмұны

Материалды-техникалық қамтамасыз ету

6.1. Қоғамдық өрт құрамасының барлық шығынын көтеру олар құрылған кәсіпорын қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6.2. Өрттер мен апаттарды жою кезінде қоғамдық өрт құрамасы мүшелерінің қатынасқан уақыты үшін төленетін еңбек ақысы, сондай-ақ өндірістегі кезекшілігі үшін де кәсіпорындағы орташа айлық табысының есебінен жүргізіледі.

6.3. Қоғамдық өрт құрамасы мүшелеріне кәсіпорында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге белсенді қатынасқаны және өрт сөндірудегі еңбектері үшін оларға жылына ұзақты 6 (алты) жұмыс күндік қосымша демалыс беріледі орташа жалақысы сақталып.

Басқаша жеңілдіктер қоғамдық өрт құрамасы мүшелеріне кәсіпорынның жекеменшік иесінің шешімімен берілуі мүмкін.

6.4. Өрт автомобильдері және мотопомпалардың жауынгерлік есептің құрамына кіретін қоғамдық өрт құрамасы мүшелеріне кәсіпорын есебінен N 2 қосымша бойынша орнықтырылған тәртіп пен мөлшерде арнайы киімдер (жабдықтар) жиынтығы беріледі.

6.5. Қоғамдық өрт құрамасы мүшелерін сақтандыру ҚР "Еңбекті қорғау туралы" Z933000_ Заңының 20-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Заңдылықты сақтауға қадағалау жүргізу

Қоғамдық өрт құрамаларының әрекетіндегі заңдылықтардың орындалуының сақталуын қадағалау ҚР Президентінің заңды күші бар "Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы" Z952709_ Жарлығына сәйкес прокуратура органдары жүзеге асырады.

II-ші сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI-шы сессиясының
Төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының Хатшысы

Алматы қалалық қоғамдық өрт
құрамаларының жұмыс
Ережесіне N 1 Қосымша

Қоғамдық өрт құрамасы мүшелерін дайындаудың
Бағдарламасы

1. Ұйымдастырулық әдістемелік нұсқаулар

1.1. Осы бағдарлама болжамдық тәрізді дайындалды және қоғамдық өрт құрамасы (ҚӨҚ) мүшелері білуге тиісті өрт қауіпсіздігінің негізгі мәселелерін қарастырады ҚӨҚ-ның мүшелерімен осы бағдарлама бойынша сабақ өткізу міндетті. Өндіріс процесінің сипатына және оның өрт қауіпсіздігіне байланысты кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың (бұдан әрі кәсіпорын) жетекшілеріне кәсіпорын ерекшеліктерін еске алып ҚӨҚ-ның мүшелері өрттің алдын-алу мен сөндіру бойынша қажетті біліктілік пен дағдыларының болуын қамтамасыз ететіндей осы бағдарламаға сәйкестендіре өзгерістер мен толықтырулар енгізулері керек.

1.2. ҚӨҚ-н дайындау ереже секілді жұмыстан бос уақытта қажетті кәсіпкерлігі бар тұлғалар жүргізеді. Сабақ өтетін күндерді кәсіпорын жетекшісінің келісімі бойынша, ҚӨҚ-ны дайындауға жауапты адамдар орнықтырады.

1.3. Сабақ өткізу ҚӨҚ-ның жетекшісі құрамына және кәсіпорын мамандарына, оларда, оқылатын мәселелер бойынша қажетті біліктілік болса немесе "Өрт сөндіруші" РМК-ның мамандарымен келісімдік бастамамен тапсырылады. Өртке

қарсы салалық қызметі бар кәсіпорындарда сабақ өткізуге осы қызметтің жетекші құрамы тартылуы мүмкін.

1.4. Сабақты кесте бойынша бір тоқсанға лайықтап жүргізу ұсынылады. Ол кәсіпорын басшысының қолымен бекітілуі керек.

1.5. Сабақты мүмкін болатын өрттің алдын алу мен оларды сөндіруге лайықтап ҚӨҚ-ы жұмыстарына жақын ерекшелікте мақсатты бағыттап нақты жүргізу қажет, онда да қолда бар өрт-техникалық қарулар мен өртке қарсы құралдың есебін ескере отырып жүргізу керек.

1.6. ҚӨҚ-ның жауынгерлік есептегі өрт автомобильдері мен мотопомпалар әрекетіндегі мүшелері кезекшілік кезінде қосымша дайындықтардан өтеді. ҚӨҚ-ның бастықтары, өрт автомобильдерінің (мотопомпалардың) жүргізушілері, ҚӨҚ оның басқа да жұмыскерлері келісім-шарт негізінде РМК "Өрт Сөндіруші"-нің бөлімшелерінде дайындықтан (оқудан) өтуіне болады. Өрт автомобильдерінде және тіркемелі мотопомпаларда жауынгерлік есептің құрамындағы кезекшілікке тек-қана ҚӨҚ-ның дайындықтан өткен және зачет тапсырған мүшелері ғана жіберіледі.

1.7. Өрт қауіпсіздігі ережесін іс жүзінде көрсету қажет, ҚӨҚ-сы мүшелерін сол кәсіпорынның өрт қатері мен оның ерекшеліктерімен таныстыру жолы арқылы жаттықтыру.

1.8. Өрт сөндіру құралдарын оқып-үйрену сабақтарын олар орналастырылған жерлерде тікелей өткізу керек.

1.9. ҚӨҚ-сы мүшелерінің міндеттерін меңгеру бойынша, жауынгерлік есептің табелі бойынша сабақтар өткізгенде олардың жұмыс ауысымы бойынша орналасу тәртібіне, жауынгерлік есеп номерлеріне және негізгі өрт құрал-саймандардың (өрт-техникалық қарулардың) бекітілуіне ерекше назар аудару керек.

Өрт автомобильдері мен мотопомпалардың жауынгерлік есебімен әрбір тоқсанда бір мәртеден кем емес өрт сөндірудің дағдыларын іс жүзінде меңгеру керек.

1.10. Өрттерді сөндірудің негізгі ережелері мен әдістері ҚӨҚ мүшелерімен тікелей цехта (өндірістік ғимараттарда) нағыз өрт шыққан кездердегі әртүрлі жағдайларды ескере отырып оқытылады.

1.11. Беріліп отырған осы бағдарламаның мәселелері оқылып болғаннан соң ҚӨҚ-ы мүшелерімен қорытынды сабақтар өткізіліп, олардан зачет қабылданылады. Келешекте өрт-техникалық дайындық бойынша сабақтар қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

2. ҚӨҚ-сы мүшелерін дайындаудың бағдарламасы

2.1. 1-тақырып. Қоғамдық өрт құрамасының жұмыстарын ұйымдастыру (2 с а ғ а т) .

Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңы, Қоғамдық өрт құрамалары туралы Қағида, ҚР ТЖА өртке қарсы қызметінің Мемлекеттік Департаментінің қоғамдық өрт құрамаларын ұйымдастыру және жұмыстары мәселелері бойынша қалыпты актілері.

2.2. 2-тақырып. Ғимараттар мен бөлмелерде өртке қарсы тәртіптің ережелерін сақтау. Өрттердің пайда болу себептері және олардың алдын алу шаралары (8 с а ғ а т) .

Өндірістік (кәсіпорынның) қысқаша сипаттамасы және құрылыстардың құрылымдық жеке бөлшектерінің өртке қауіпсіздігі. Өрттердің пайда болуы және таралуына жағдайлардың бар болуы.

Шикі заттар, реактивтер, дайын өнімдердің жартылай фабрикаттары және өндіріс қалдықтары. Оларды сақтаудың тәртібі, қалпы және орны. Жарылысқа және өртке қауіпті бөлмелер. Өртке қауіпті агрегаттар және жабдықтардың ж ұ м ы с к е с т е с і .

Өндірістік құбырөткізгіштер, желдету қондырғылары, басқа да инженерлік жабдықтар, олардың өрт қауіпсіздігі және өрттердің алдын алудың шаралары.

Темір пісіру және басқа отқа қауіпті жұмыстары және оларды жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігінің талаптары.

Жалаңашталған және зақымдалған электро сымдардың, штепселдердің, штепсельдік розеткалардың, сөндіргіштердің, ұшқындайтын қосылғыштардың өрт қауіпсіздігі. Электроқозғалыштар және электроагрегаттардың өрт қауіпсіздігі. Электро сымдар мен электро қондырғылардың күштеп жүктелуі мен қысқа тұйықталуынан болатын өрт қауіпсіздігі.

Электро тораптар мен қондырғыларды ұстау және пайдалану ережелерінің өрт қауіпсіздік талаптары.

Жергілікті және орталық от жағулардың өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ кептіру үшін пайдаланылатын бөлмелердегі құрылғылар. Оларды ұстау мен пайдалануға алдын ала қойылатын талаптар.

Кәсіпорындағы өртке қарсы орныққан тәртіп. Темекі тартуға және ашық от пайдалануға рұқсат берілген жерлер. Жанатын қалдықтарды, металл жоңқаларын , жанатын тозаңдарды дер кезінде тазалап тұру. Көшіру өткермелерінің талаптары, өрт сөндіру құралдары сақталған орындарға кіру және шығу.

Жұмыс барысында бөлмелерді ұстаудың талаптары. Жұмыс орнын таза ұстау .

Қоймалық бөлмелердің өртке қарсы тәртібі, олардағы материалдық бағалы заттарды сақтаудың қалыптары мен тәртібі. Сақтау кезіндегі отқа қауіпті заттар

мен материалдарды қарау, ұстаудың тәртіптері.

Өрттердің жалпы ең көп тараған себептері туралы: (отпен абайсыз айналысу, электро қондырғылардың ақаулығы, өндірістік жабдықтардың, электрмен жылытатын аспаптарды пайдалану ережесінің бұзылуы, электрогазбен пісіретін жұмыстарды кезінде шашырайтын ұшқындар т.с.с.). Кәсіпорында бұрын болған ө р т о қ и ғ а л а р ы .

Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік.

2.3. 3-тақырып. Кәсіпорын аумағындағы өртке қарсы тәртіп. Оны орындауға б а қ ы л а у (2 с а ғ а т) .

Ауланы ұстау-қарауға қойылатын, өртке қарсы алшақтықтар, өткелдерге, ғимараттар мен су көздеріне кіре берістегі жолдардың талаптары. Қауіпсіздік б е л г і л е р і .

Орнықтырылған өрт қауіпсіздігінің ережелерін жұмыскерлерге түсіндіру тәртібі, осы ережелерді сақтауды тексеру. Кәсіпорындағы өрттердің алдын алу бойынша ҚӨҚ-сы мүшелерінің жұмысы. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылуы байқалған жағдайдағы әрекеттер.

2.4. 4-тақырып. Өрт сөндіру құралдары, байланыс және өрт туралы хабарлау (6 с а ғ а т) .

Сыртқы өртке қарсы сумен қамтамасыз ету:

Өрттік резервуарлар, су қоймалары, гидранттар. Өртке қарсы су құбырларының тораптары. Оларды ұстау, пайдалану тәртібі.

Алғашқы өрт сөндіру құралдары: ішкі өрт шүмектері, отсөндіргіштер, өрттік құрал-саймандар, киіз, құмы бар жәшіктер, суы бар бөшкелер және жылжытпалы с а т ы л а р .

Отсөндіргіштердің (көбікті, көмірқышқылды, ұнтақтық және т.б.) құрылғысы, әрекет принципі, зарядтарының құрамы туралы түсініктер. Отсөндіргіштер мен өрт шүмектерінің орналасуы. Әрекетке келтіру, жұмыс ережесі, ең көп тараған бұзылушылықтар, күтім және сақтау.

Өрттік жеңдібілектер туралы негізгі мәліметтер және оларға тиісті саймандар.

Өрт сигнализациялары, автоматтық өрт сөндіру қондырғылары, сулық, көмірқышқылдық, көбіктік, булық, ұнтақтық отсөндіргіштер туралы жалпы түсінік. Құрылысы, әрекет принциптері, әрекетке келтіру тәртібі туралы түсінік.

Кәсіпорында бар өрт сөндіру құралдарының ұстанымдағы тәртібі (жазғы және қ ы с қ ы ж а ғ д а й д а ғ ы) .

Өрт туралы адамдарға хабарлаудың кәсіпорында орнықтырылған тәртібі (ж ү й е с і) .

Байланыс құралдары және хабарлау, өрт болған жағдайда оларды пайдаланудың ережелері. Өртке қарсы қызметті шақырудың тәртібі.

Кәсіпорында, ұйымда бар өрт-техникалық жабдықтармен ҚӨҚ-ы мүшелерінің істегі жұмыстары.

ҚӨҚ-ы мүшелерінің өрт автомобильдер мен мотопомпалардың, басқа да өрт-техникалық қарулардың тактикалы-техникалық мәліметтерін оқып-үйрену және олармен іс жүзінде жұмыс істеу.

2.5. 5-тақырып. ҚӨҚ-сы мүшелерінің жауынгерлік есеп табелі бойынша міндеттері (4 сағат).

Жауынгерлік есеп табелі, ҚӨҚ-сы мүшелері арасында міндеттерді бөлу. ҚӨҚ мүшелерінің әрекеті, өрт сөндіру кезінде стволмен, отсөндіргішпен жұмыс істейтіндері, адамдарды және дүние-мүлікті құтқарумен айналысатындары, ғимарат құрылымдарын аршу және даралау т.с.с.

Өрт бөлімдерін шақыру және қарсы алуға тағайындалған ҚӨҚ мүшелерінің міндеттері.

Өрт пайда болған жағдайда өрт бөлімдерін шақырудың тәсілдері.

Жауынгерлік есеп құрамына кіретін өрт автомобилі, мотопомпалардағы ҚӨҚ мүшелерінің міндеттері: кезекшілікке кіріскенде, дабыл бойынша, өрт кезіндегі.

Табельге сәйкес ҚӨҚ мүшелерінің міндеттерін атқарудың іс жүзіндегі жаттығулары.

2.6. 6-тақырып. Өрт сөндірудің негізгі ережелері (4-6 сағат).

Өрт және өрт тактикасы туралы жалпы мәліметтер. Объектідегі өрт кезінде оттың мүмкін болатын таралу әдістері туралы түсініктер. Тез-жеңіл тұтынатын заттардың жану шарттары. Жануды тоқтатудың әдістері.

Өрт сөндірудің, адамдар мен дүние-мүліктерді құтқару, құрылымдарды аршу және даралаудың негізгі ережелері. Өрт техникасының жұмысы және өрттерді сөндіру жұмыстары кезіндегі техникалық қауіпсіздік.

Мемлекеттік өртке қарсы қызметі әрекетіндегі көрсетілген мәселелер

бойынша ҚӨҚ (жауынгерлік есеппен) мүшелерінің құжаттарды оқуы.

Кәсіпорын жағдайында өрт-техникалық міндеттерді шешу бойынша тәжірибелік сабақтар.

2.7. 7-тақырып. Алғашқы медициналық көмек көрсету (2-сағат).

Күйіктер, ысты газбен улану, физикалық жарақаттану және электр тоғының соғуы туралы негізгі мәліметтер. Тіршілік белгілерін анықтау, қолдан тыныстандыруды жүргізу, жүрекке жанама массаж. Дәрігер келгенше көмектесу.

Алғашқы, дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсетуде құралдар жиынтығын пайдалана білуге дағдыланудың іс жүзіндегі сабақтары.

Мәслихатының VI-шы сессиясының
Төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының Хатшысы

Алматы қалалық қоғамдық өрт
құрамаларының жұмыс
Ережесіне N 2 Қосымша

Қоғамдық өрт құрамалары мүшелерін арнайы
киіммен қамтамасыз етудің тәртібі. Қалыпты тиесіліктер

1. Арнайы киімдер мен жабдықтар қоғамдық өрт құрамалары мүшелеріне ғана (ҚӨҚ) беріледі, өрт автомобильдері мен мотопомпалардың жауынгерлік есеп құрамына кіретіндеріне. Арнайы киімсіз жұмыс істеуге жол берілмейді.

2. Өрт автомобильдері мен мотопомпалардың жауынгерлік есебіне тіркеу,

кәсіпорын жетекшісінің бұйрығымен жүргізіледі.

3. Арнайы киімдер (жабдықтар) ҚӨҚ құрылған кәсіпорын есебінен тегін беру жүзеге асырылады.

4. Арнайы киімдер мен жабдықтар жиынтығына (ең аз мерзімдік пайдаланумен) енетіндері:

- өртшінің жауынгерлік киімі 2 жылға
- брезенттік қолғаптар 1 ж
- өрттік дулығалар тозғанша
- өрттік белбеулер тозғанша
- мақталы күртеше 3 жылға
- мақталы жылы шалбар 6 жылға
- арнайы аяқ киім тозғанша

5. Киімдерді есептен шығару оның тозығы жеткенде жүзеге асырылады, бірақ орнықтырылған пайдалану мерзімі толмаса шығарылмайды.

Жабдықтардың жағдайы одан әрі пайдалануға жарамсыз болса немесе жөндеуге келмесе және қалпына келтіру мүмкін болмаса, онда сынақтау нәтижесі бойынша анықталады немесе комиссия қорытындысы бойынша.

6. Жауынгерлік киім, қолғаптар, дулығалар, белбеулер саймандық

мүліктер болғандықтан олар тұрақты бөлмелерде болуы керек, өрт техникасы

орналасқан жерде және де іс-тәжірибелік сабақтарда немесе өрт жұмыстарында пайдаланылуы керек.

Ескерту: "Тозған"-деген атау оның жағдайын анықтайды, бұндайда бұйымды бұдан әрі пайдалану мүмкін емес, өз міндетін атқаруға қабілетсіздік салдарынан. Сынақтау әдісімен анықталады немесе комиссия орнықтырады.

II-ші сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI сессиясының
Төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының Хатшысы

Алматы қалалық қоғамдық өрт
құрамаларының жұмыс
Ережесіне N 3 Қосымша

Мотопомпадағы жауынгерлік есептің міндеттерінің
типтік табелі

Жұмысқа кірісерде (кезекшілік)

Жауынгерлік есептің бастығы қабылдайды:
Мотопомпаны жабдығымен, жанар майды, сондай-ақ жеке жабдықтарды.

N 1 Жасақшы қабылдайды: барлық қысымдық жеңді-білектерді, стволды,
білектік кедергіні, рэзіңке төсемді, жеке жабдықтарды.

N 2 Жасақшы қабылдайды: білектік тарамдарды, білек қыспаларды, жеке жабдықтарды.

N 3 Жасақшы қабылдайды: қолдық өрт саймандарды (лом, багор, балта, күрек) және жеке жабдықтарды.

Моторшы қабылдайды: қозғағышты және мотопомпаны сорғышын, сору жеңді-білектерді, қосарлық кілттерді, ауыспалы гайкаларды, мотопомпаға қызмет ететін саймандарды.

Өртте (сабақта)

Жауынгерлік есептің бастығы

1. Жауынгерлік есептің жұмысын басқарады.
2. Құтқару жұмыстарын ұйымдастырады және жеке өзі құтқаруға қатынасады.
3. Су мөлшерлері жетіспеген жағдайда оны жеткізуді ұйымдастырады.
4. Дүние-мүлікті көшіруді ұйымдастырып және жүргізеді, құрылымды даралайды.

N 1 Жасақшы N 2 Жасақшымен бірге өрт болған орынға жеңді-білек желісін төсейді.

N 2 Жасақшы

1. N 1 Жасақшымен бірге өрт болған орынға жеңді-білек желісін төсейді.
2. Екінші жеңді-білек желісін төсеп және стволмен жұмыс істейді.

N 3 Жасақшы

1. Мотористпен бірге соратын желіні дайындайды. Жеңді-білекті насостың арындық патрубкасына жалғайды.
2. N№2 Жасақшыға екінші жеңді-білек желісін салуға көмектеседі.
3. Өрттік қол құрал-саймандарымен жұмыс істейді, құралымдарды әзірлеуді жүзеге асырады.

Моторист:

1. N 3 Жасақшымен бірге соратын желіні дайындайды.
2. Мотопомпаның моторын іске қосады, оны насос жұмысына қайтара қосады және жеңді-білекке су беруді қамтамасыз етеді. Жеңді-білек жұмысын б а қ ы л а й д ы .

Е с к е р т у :

1. Типтік табельде техникалық құралдарды әзірлеу бойынша өртті сөндіруге стволдарды береді. Жағдайға байланысты өрт сөндіру жетекшісінің тапсырмасымен есепке сәйкес басқа да міндеттерді орындауына болады.

2. Қолда бар жабдықтар мүмкіндігі мен жұмыстың жергілікті жағдайына қарай жауынгерлік есепке өзгерістер енгізу қажет.

3. (МН-800, МН 13/60) мотопомпаның ең шектеулі жауынгерлік есебі 4 адамнан тұрады: бастығы, 2 жауынгер және моторист.

4. Жауынгерлік киім мен жабдықтар тұрақты орында жинақталуы керек.

5. Жауынгерлік есептің табельдік міндеттеріне ерікті өрт жасағының бастығы қол қояды, кәсіпорын жетекшісі бекітеді.

II сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының VI-шы сессиясының

Төрағасы

II сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының
Хатшысы

Алматы қалалық қоғамдық өрт
құрамаларының жұмыс
Ережесіне N 4 қосымша

Автоцистернадағы жауынгерлік есептің міндеттерінің
типтік табелі

Жұмысқа кірісерде (кезекшілікте)

Жауынгерлік есептің бастығы қабылдайды: автоцистернаны жабдығымен,
жанармайды, сондай-ақ жеке жабдықтарды

N 1 Жасақшы қабылдайды: Б стволын және 66,77 мм қысымдық
жеңді-білектер, гидроэлеватор, пеногенератор, құтқару арқандарын және жеке
ж а б д ы қ т а р д ы .

N 2 Жасақшы қабылдайды: А стволдарын және 66,77 мм қысымдық
жеңді-білектерді, кесетін электроөткізгіштер жиынтығын, жеке жабдықтарды.

N 3 Жасақшы қабылдайды: сатылар, өрттік қол құрал-саймандары (лом,
багор, балта, күректерді), тармақтағыш және жеке жабдықтар.

N 4 Жасақшы қабылдайды: сору жеңді-білектерді, сору торын,

жалғастырғыш ауыспалы бастамды, колонка, жеңді-білек қысқыштарын, жеңдік
көпіршелер, жеке жабдықтарды.

Жүргізуші қабылдайды: қозғағыш, насос, жүрістік бөлшек және
автомобильді басқаруды, кілттерді, сору жеңді-білектердің қосқыштарын,
гидрант қақпағын ашатын ілмек, аптечка, отсөндіргіш, ауыспалы гайканы,
автоцистернаға қызмет көрсететін құрал-саймандарды.

Өртте (сабақта)

Жауынгерлік есептің бастығы

1. Жауынгерлік есептің жұмысын басқарады.
2. Құтқару жұмыстарын ұйымдастырады және жеке өзі құтқаруға қатысады.

3. Су мөлшерлері жетіспеген жағдайда оны жеткізуді ұйымдастырады.
4. Дүние-мүлікті көшіруді ұйымдастырып және жүргізеді, құрылымдарда даралайды.
5. Жұмыс кезінде жасақшыларға көмек көрсетеді.

№ 1 Жасақшы

№ 2 - жасақшымен бірлікте өрт болған жерге жеңді-білек желісін төсейді және стволмен жұмыс істейді.

№ 2 Жасақшы

1. №1-жасақшымен бірге өрт болған жерге жеңді-білек желісін төсейді.
2. Стволшының көмекшісі болып істейді.

№ 3 Жасақшы

1. № 2 - жасақшыға магистральды жеңді-білек желісін төсеуге көмектеседі.
2. № 2 - жасақшымен бірге суырмалы сатыны ауыстырып және орнықтырады.
3. Жұмыс орнын жарықтандырады, үшінші жеңді-білек желісін төсейді және стволмен жұмыс істейді.
4. Адамдарды құтқаруды жүргізеді. Өрттік қол саймандармен жұмыс атқарады, құрылғыларды даралауды жүзеге асырады.

№ 4 Жасақшы

1. Жүргізушімен бірге автоцистернаны су көздеріне (сужинақ, гидрант) орнықтырады.
2. Тармақтауды және желілік көпіршелерді орнықтырады, тармақтауды әзірлейді.

Жүргізуші

1. № 4-жасақшымен бірге автоцистернаны су көздеріне (сужинақ, гидрант) орнықтырады.
2. Қозғағыштың жұмысын насосқа бұрады және судың (көбіктің) берілуін жеңді-білек желісіне қамтамасыз етеді.
3. Жеңді-білек желісін бақылайды.

Ескерту:

1. Типтік табельде жауынгерлік есептің техникалық құралдарды әзірлеу бойынша стволдарды өрт сөндіруге берудің жалпы міндеттері баяндалған.

Жағдайға байланысты жауынгерлік есеп өрт сөндіру жетекшісінің жарлықтарына сәйкес, басқа да міндеттерді орындауына болады.

2. Қолда бар жабдықтардың, автоцистернамен әкелген судың және

жергілікті жағдайға байланысты мүмкіндіктер көлемінде жауынгерлік есептің табеліне өзгерістер енгізу қажет.

3. Автоцистернадағы жауынгерлік есеп 4 адамнан тұрады: бастық, 2 жасақшы және жүргізуші.

4. Жауынгерлік киім мен жабдықтар автоцистернадағы тұрақты орында жинақты тұруы керек.

5. Жауынгерлік есептің табельдік міндеттеріне ерікті өрт жасағының бастығы қол қояды, кәсіпорын жетекшісі бекітеді.

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI сессиясының
Төрағасы

II сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының Хатшысы

(Маман: Сариева А.)